

**Тауланов С.С., Умерджанова Ж.Т., Фот Л.В.**

Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры, Қоғамдық қорының филиалы,  
«Арыстан» мамандандырылған лицейі, Қазақстан, Алматы обл., Талғар ауд.,  
e-mail: luiza2979881@mail.ru

## **ӘСКЕРИ ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ КОНТЕКСІНДЕГІ ӘСКЕРИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАР**

Бұл мақалада кәсіптік-әскери білім берудің педагогикалық компоненттерінің мазмұны тарихи-педагогикалық талдаумен берілген. Авторлар зерттеу тақырыбы бойынша тарихи, мемуарлық дереккөздерді зерттеп, көшпенділердің әскери ұйымын зерттеу мәселелерін көп қырынан қарастырады. XVIII ғасырдың соңына дейінгі әскери-педагогикалық идеялардың қалыптасуын талдау әскери өнерді дамыту контексінде жүзеге асырылады, көшпенділердің әскери ісінде оқыту мен тәрбиелеудің жай-күйі талданады. Бұл мәселелер әскери құрылымдар мен әскери ұйымдардың қалыптасуында маңызды рөл атқарғандықтан, авторлар әскери білім беру жүйесіндегі педагогикалық идеяларды дамытудың тарихи жолының белгілі бір тенденциялары мен заңдылық сипатын анықтай алған. Әскери өнерді дамыту аясындағы (XVIII ғасырдың аяғына дейін) әскери-педагогикалық идеяларды қалыптастыру мен дамытудың бірінші кезеңінде сарбаздарды оқытудың келесі әдістері мен тәсілдерін анықтауға болады: білімі мен дағдыларын тәжірибеге сүйене отырып беру; бала кезден бастап күнделікті жаттығулар мен іс-қимылдарға машықтану; әскерлерді тиімді басқаруға және сарбаздарды өздерінің жасақтары мен шыққан тайпаларына адалдық рухында тәрбиелеуге ықпал ететін арнайы белгілерді пайдалану; шайқас алдындағы психологиялық көңіл-күй, әскери ұран арқылы ерік-жігерді шоғырландыруға қол жеткізілді; жаулап алуда және әскери олжаны бөліп беру арқылы әскери қызметшілерді ынталандыру және т.б. Зерттеудің өзектілігі офицер мамандарын даярлаудың тарихи тәжірибесіне шолу және талдау жасау әскери жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісін айтарлықтай дәрежеде жандандыруға және XXI ғасырдың офицерлерін даярлау міндетін сапалы шешуге көмектеседі.

**Түйін сөздер:** әскери-педагогикалық идея, тарихи-педагогикалық талдау, әскери өнер.

Taulanov S.S., Umerdzhanova Zh.T., Fot L.V.

Specialized lyceum «Arystan» (Nursultan Nazarbayev Educational Foundation)  
e-mail: luiza2979881@mail.ru

### **Formation of Military-Pedagogical Ideas in the Context of the Development of Military Art**

This article presents a historical and pedagogical analysis of the pedagogical component in professional military education. The authors have studied historical, memoir sources on the topic of the research, broadly studied the question of the military organization among nomads. The analysis of the formation of military pedagogical ideas until the end of the 18th century is carried out in the context of the development of military art, and the author made an analysis of training and military educational process among nomads. Since these issues played a significant role in the development of military formations and military organization, the authors could identify certain trends and the historical path development of pedagogical ideas in the system of military education. The characteristic features of training for the first period of development of military pedagogical ideas in the framework of military art (until the end of the XVIII century) are revealed. This is the formation of knowledge and skills on the basis of practice, drill training from childhood, training of future soldiers, battle cry that raised the spirit, unity, a personal example, etc.

The relevance of the study lies in the fact that the review and analysis of the historical experience of training officer will help significantly to intensify the educational process in military universities and solve the problem of training the 21st century officers.

**Key words:** military pedagogical ideas, historical and pedagogical analysis, military art.

Тауланов С.С., Умерджанова Ж.Т., Фот А.В.

Филиал общественного фонда «Фонд образования Нурсултана Назарбаева»,  
Специализированный лицей «Арыстан», Казахстан, Алм. обл., Талгарский р-он, e-mail: luiza2979881@mail.ru

### **Формирование военно-педагогических идей в контексте развития военного искусства**

В статье представлен историко-педагогический анализ содержания педагогического компонента военно-профессионального образования. Авторами изучены исторические, мемуарные источники по теме исследования, многоаспектно исследуются вопросы изучения военной организации кочевников. Анализ формирования военно-педагогических идей до конца XVIII века осуществляется в контексте развития военного искусства, а именно исследуется состояние обучения и воспитания в военном деле кочевников. Так как эти вопросы играли значительную роль в становлении воинских формирований и военной организации, авторам удается выявить определенные тенденции и закономерный характер исторического пути развития педагогических идей в системе военного образования. Выявлены характерные особенности обучения для первого периода развития военно-педагогических идей в рамках военного искусства (до конца XVIII века). Это формирование знаний и умений на основе практики, упражнения с детского возраста, тренировки будущих солдат, поднимающих дух и единство боевой клич, личностный пример и др. Актуальность исследования заключается в том, что обзор и анализ исторического опыта подготовки офицерских кадров поможет в значительной степени активизировать учебно-воспитательный процесс в военных вузах и качественно решать задачу подготовки офицеров XXI века.

**Ключевые слова:** военно-педагогические идеи, историко-педагогический анализ, военное искусство.

### **Кіріспе**

Қазіргі кезеңде офицерлерді әскери-кәсіби даярлаудың педагогикалық компонентінің мазмұнын жаңартудың маңызды тарихи-педагогикалық алғышарты педагогикалық идеялар мен әскери-педагогикалық білімдердің даму заңдылығы болып табылады. Ресей, КСРО және Қазақстандағы офицерлерді оқытуда тарихи тәжірибені пайдалану әскери жоғары оқу орындарында оқу үдерісін едәуір жандандыруға және ХХІ ғасырдағы офицерлерді сапалы түрде дайындау мәселесін шешуге көмектеседі. Қазақстан Қарулы Күштерінің тарихи бітім-болмысында тамаша ерлік оқиғаларға толы, әскери-кәсіби даярлық тәжірибесіне бай, өзіндік сан ғасырлық тарихы бар екендігін ұмытпауымыз керек. Тарихи сабақтастық ретінде озық тәжірибелер жаңғыртылады.

Әр халық тәрбие саласындағы идеялар мен дәстүрлердің бай тарихи тәжірибесіне ие. Әрбір келесі ұрпақ осы мұраны пайдаланады және одан әрі байытуы керек. «Әрбір халықтың мәдени мұрасында құнды педагогикалық идеялар мен тәрбие тәжірибесі бар, оларды сыни ойластыру және тәрбиелеу жүйесінде қолдану жағдайында жас ұрпақты адамгершілік тәрбиелеудің ең тиімді құралы және әдісі болып табылады» (Жир-

кова, 2015: 258) деген ой байламы ақиқат болып табылады.

Тарихи-педагогикалық талдау көрсеткендей, армияның пайда болған уақытынан бастап, ерекше әлеуметтік құбылыс болғандықтан, мамандар мен жеке құрамды оқыту және тәрбиелеу әскери іс-қимылдың маңызды бөлігі болып қала береді. Тарихи жолмен әскери педагогика бастапқыда командирлердің және олардың бағыныштыларының практикалық қызметі, содан кейін жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеу туралы эмпирикалық білімдердің жиынтығы ретінде пайда болды.

Әрбір тарихи кезеңде әскери педагогикалық идеялардың дамуы қоғамдағы әскери істер мен әскери өнердің даму деңгейімен, тұтастай алғанда оқыту, білім беру және педагогикалық білім беру теориялары мен тәжірибелерімен анықталады.

Әскери-педагогикалық білім жүйесі қалыптасуының кезеңдерін былайша бөліп қарастыруға болады:

- әскери өнерді дамыту контексіндегі әскери педагогикалық идеяларды қалыптастыру (XVIII ғасырдың аяғына дейін);
- революцияға дейінгі Ресейдегі офицерлерді арнайы педагогикалық даярлаудың пайда болуы (1800-1917 ж.);

- кеңестік әскери педагогиканың қалыптасуы (1917-1991ж.);

- егеменді Қазақстандағы офицерлерді педагогикалық даярлаудың заманауи жүйесінің қалыптасуы (1991 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі кезең).

**Мақаланың мақсаты** – әскери өнерді дамыту контексінде әскери-педагогикалық идеялардың дамуының бірінші тарихи кезеңінің мәнін ашу (XVIII ғасырдың соңына дейін); осы кезеңде сарбаздарды үйретудің жетекші әдістері мен құралдарын анықтау.

**Зерттеудің методологиясы мен әдістері.** Зерттеу барысында тарихи, хронологиялық, салыстырмалы-педагогикалық тәсілдер, сондай-ақ тарихи, деректану, салыстырмалы талдау әдістері, кезеңдеу, жинақтау, салыстыру және т.б. әдістер қолданылды.

Бұл мақалада әскери өнердің дамуы контексінде (XVIII ғасырдың аяғына дейін) жүзеге асырылған әскери педагогикалық идеяларды дамытудың бірінші кезеңі қарастырылған.

### Әдеби шолу

Бұл мақалада әскери өнердің дамуы контексінде (XVIII ғасырдың аяғына дейін) жүзеге асырылған әскери педагогикалық идеяларды дамытудың бірінші кезеңі қарастырылған: «Көшпелі өркениет – бұл батыс пен шығыс өркениетінен ерекшеленетін ерекше әлем, ал далалық өмір салты – қалалық, ауылдық сияқты тарихи феномен. Көшпелі (номадтық) шаруашылық түрі ерекше өмір салтын анықтайды, ерекше өмірлік құндылықтарды, өзіндік мәдениетті қалыптастырады» (Маланов, 2015: 81).

Көшпелі әскери ұйымды зерттеу С.М. Абрамзон, Т.К. Алданиязов, К.Р. Аманжолов, А.Ш. Кадырбаева, В.Н. Кун, А.К. Көшкімбаев, А.А. Розляков, А. Рязанов, Г.Г. Семенов, А.Б. Тасболатов, А.П. Чулошников және басқалар, бірақ олардың нақты зерттеу тақырыбы ретінде көшпенділердің әскери істеріндегі оқыту мен білім берудің арнайы талдауы алынбап еді. Сонымен бірге, бұл мәселелер әскери құрылымдар мен әскери ұйымдарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарғандықтан, біз әскери білім беру жүйесінде педагогикалық идеялардың дамуының тарихи жолының белгілі бір үрдістерін және табиғи сипатын анықтай алдық.

Біздің ата-бабаларымыз: массагет-сақтар, скифтер, сарматтар, соңғы тарихи деректерге сүйенсек, Хуанхэден Дунайға дейінгі дала кеңістігін мекендеген, оның ішінде қазіргі қазақ даласын б.з.д. VIII ғасырдан б.з. III ғасырына

дейін (Дандамаев, 1985) мекен еткен көшпелілердің бір этномәдени бірлестігінің бөлігі болып табылады.

Соғыс өнерінің, соның ішінде мыңдаған қарулы жасақтарды басқару ерекше дәрежеленіп, сақтар арасындағы әскери іс ең үздік істің бірі болды. Көшпенділердің әскери іс-қимыл ерекшелігі көшпенділіктің бар табиғи-географиялық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін анықтайды.

Үздіксіз әскери іс-қимыл үдерісінде нақты соғыс жағдайларының мақсаттары мен міндеттеріне қарай тактика мен әдістер жетілдіріліп, дамыды.

Көшпелілердің әскери ұйымдық құрылымы мынадай болды:

- адамдардың үлкен жиынының қатысуы;
- үштік ұйым (оң, сол қанат және орталық);
- бөлудің иерархиялық ұстанымы;
- жетекшілердің, көсемдердің болуы (Кушкумбаев, 2001: 30). Сарматтардың әскери-демократиялық заманында қауымның ішкі-сыртқы мәселелерін әскербасылары шешкені белгілі. Сол кезеңде тұрақты әскери бөлімдер болған жоқ. Шындығында, көшпенділердің іс-қимылдары бейбітшілік пен соғыс, үздіксіз жеңістер және жеңіліс жағдайына сай өзгеріп отырды, сондықтан жауынгер ретінде барлық ер адамдар сарбаз болып саналды, ал кейбір жағдайларда әйелдердің бір бөлігі де әскери жасақ қатарында болды.

Көшпенді жауынгерді жауынгерлік даярлау жүйесінің маңызды бөлігі садақ ату болды. Оның үстіне, сарбаздарды ат үстінде отырып, құралайды көзге атқан мергендікке ғана емес, садақпен ат үстінде тұрып барлық бағытта дәл атуға үйретті. Бұған ерте балалық шақтан ер балаға күнделікті жаттығулардың ұдайы жүргізілуі арқылы қол жеткізілді. Бұнымен қоса, далалық жауынгерді тез, епті қимылдауға үйретті, нысана анықталып, ату мақсаты анықталған кезде бұл білім мен дағды тиімді түрде қолданып жатты. Мұндай жауынгерлік өнердің түрін шебер меңгеру дағдылары көптеген жылдар бойы тәжірибеде шыңдалып, көшпенділердің психофизикалық даярлығын қамтамасыз етті (Алданиязов, 1996: 85).

Сақтардың әскери қосындарды басқару ісін арнайы жұлдызша белгілерінің болуы жеңілдетті, әр жасақтың өзіндік жұлдызшасы болды. Бесжұлдыздар тек сыртқы билік белгісі ғана емес, сонымен қатар қолбасшылар мен әскерлердің әскери даңқын және абыройын білдіретін нышан болды. Арнайы рәміздерді пайдалану

сарбаздарды өз қолбасшылары мен жасақтарына адалдық рухында тәрбиелеуге көмектесті деп болжауға болады.

Тарихи дереккөздерге сәйкес, Орталық Азия аумағындағы көшпенділердің алғашқы империясы б.з.д. III ғасырда ғұндар деп аталатын ғұндардың көшпенді тайпалар одағынан құрылды. Қытай деректерінде ғұндарды «Сюнну» деп атаған.

Олар алтай тілдік отбасының моңғолоидтық белгілері басым тайпалары болды, оның түркі тілдік бұтағына қазіргі қазақ тілі де енеді. Ғұндардың әскери өнері сол кездерде өте жоғары сипатта болды. Сол кездегі замандастары, тарихшылар, көрші мемлекет жылнамашылары бізге қазіргі заманғы Қазақстан аумағында тұратын ғұндар мен олармен одақтас көшпенділердің тактикасы туралы айтарлықтай нақты ақпараттар қалдырды. Тарихшылар ерекше суреттеген ғұндардың соғыс құралының бірі қамал бұзғыш құралдар еді. Ғұндардың соғыс қимылдарының негізгі әдісі түрлі қашықтықта соғысуға машықтанған, жеңіл қаруланған атты жасақ пен алысқа атқыш садақшылар болды. Ғұндардың әскер басшылары түрлі қимылдармен жауынгерлерін шабыттандырып отырды, қолға түскен тұтқынды және әскери олжаны бөліп берумен ынталандырды (Бичурин, 1950).

Ғұндардың құдіретті билеушісі Еділ патша V ғасырда Еуропаны римдіктерден азат еткенін дүниежүзі тарихшылары жақсы біледі, ғұндар «халықтардың ұлы қоныс аударуын бастаған» даңқты көшпенділер ретінде тарихта өшпес із қалдырды.

Түркі қағанатының қалыптасуы «түркі әлемі» түсінігін тудырды және Орталық Азия халықтарының тарихындағы жаңа дәуірді ашты. 551 жылы түріктердің билеушісі Бумын «қаған» атағын алды және қағанат құру туралы шешімін жариялады. Түрік қағанатының билеушілері үлкен құрамды әскерге ие болды: тарихтың түрлі кезеңдерінде 100-ден 400 мыңға дейінгі сарбаздары дайын тұрды, олар сол дәуірдің әскери өнерінің жоғары талаптарына сәйкес жаттыққан, тәрбиеленген сарбаздар болатын. Ортағасырлық авторлар түркілердің жоғары моральдық және жауынгерлік қасиеттерін атап көрсеткен: ерлік, билеушісіне және тайпасына адалдығы, екіжүзділіктің болмауы, мақтанға бой ұрмаушылық, шынайылық, абырой, жауынгерлік өнерге деген махаббат (Манделштам, 1985).

Әл-Фахридден біз осы кезеңде жауынгерлердің әскери әдіс-машыққа баулудың бір тәсілі аң аулау, саятшылық болғаны туралы деректі кездестіре-

міз: «Түркілік аң аулау – бұл көптеген маңызды артықшылықтарды қамтиды, ең бастысы – атқа шабу мен шабуылда жауынгерлердің жаттығуы. Жорықта, ат үстінде шайқасу өнерін үйренуде, найза лақтырып, семсерлесу, қылыштасуды меңгеруге, шоқпарласуға баулиды» (Гусейнов, 1967).

Кейіннен түркілердің әскери өнері және түркілерге дейінгі далалық кезеңнің әскери әдіс-тәсілдері Қазақ хандығы жауынгерлерінің әскери тактикасы мен стратегиясының негізі болып қаланды.

Моңғол шапқыншылығы кезіндегі моңғол әскерлерінің әскери өнері әлемдік әскери өнер тарихы мен әскери теориялық ойлар тарихының ерекше беттері болып саналады. Шыңғысханның және оның ізбасарларының – моңғол билеушілерінің әскери табысының кепілі – темірдей әскери тәртіп және әскери жаттығуларға жеке материалдық ынталандыру жүйесі мен жасаған қылмыстары үшін ең ауыр жазалауға негізделген қатаң әскери жаза болды.

Моңғол әскерлерінің құрылымы мен құрамы ұрыс қимылдарын, маневрлерді және қашықтыққа шерулерді өткізуге оңтайлы болды. Сонымен қатар, моңғол әскерлерінің ондық құрылымы (бөлім, взвод, рота, батальон, полк, дивизия) осы күнге дейін әлемнің әскери армияларында сақталып қалды және олардың әскери дағдылары, маневрлері, ұзақ жүрісті шеру және әскери тәртіп жүйесі бұрынғысынша тендесі жоқ әскери жүйе қатарына жатады.

Шыңғыс хан әскерінің әскери дайындық жүйесінің басым бөлігін кейінгі кезеңнің билеушілері мен әскери қолбасшылары басшылыққа алып отырды.

Қазақ хандығының (XV-XVIII ғғ.) қалыптасуы мен дамуы кезіндегі әскери өнердің дамуы, әскери-теориялық ойлардың өрістеуі қазақ халқына ерен еңбек сіңірген көсемдері мен қолбасшыларының ерлігі, білімі, білігі, сыннан өткен тәжірибесінің ажырамас бөлігі болып табылады, осының бәрі тұтаса келе қазақ әскери өнерінің негізін қалады.

Қазақ хандығының әскерлерінің командалық құрамы катал өмір сүру жағдайында табиғи түрде таңдалды.

«Әрбір руда өзгелерден дене күші мен ептілігімен ерекшеленген салт атты батыл, жігерлі адам сол рудың көшбасшы, батыры болды. Өзінің ақылымен, ерлігімен, соғыста сарбаздарды басқара білу өнерімен дараланған айрықша батырлар бірнеше рулардың сарбаздар құрамаларын өздеріне бағындырып, ірі әскери қосындардың басшысына айналды.

Осылай қазақ халқының әскери ұйымдары құрылды, оның басында бас қолбасшы – хан тұрды» (Алданиязов, 1996: 56).

Қазақ хандығының билеушілері – Қасымхан, Есім хан, Тәуке-хан – әдеттегідей, халықты басқарудың әдіс-тәсілдерін меңгерген және әскери қолбасшылардың жоғары қасиеттерін бойларына жинақтаған шоқтықты тұлғалар болатын. Билеушінің теңдессіз абырой-беделі мен билігі армияның берік тәртібінің негізі мен әскер тұрақтылығының ұйытқысы болды.

А.Б. Тасболатов өзінің «Қазақстан Республикасындағы кәсіби әскери дайындықты дамыту» кітабында өлім жазасына кесілген қылмыстың мысалдарын келтіреді: соғыста көмектеспегені үшін; бастықтың рұқсатынсыз өз постысын тастап кету; қызметтік міндеттерін орындаудағы жауапсыздық; тұтқындарға қайырымдылық жасау, олардың не үшін ұсталғанын білмей; кісі өлтіру және ұрлық үшін; жалған куәлік беру; сатқындық; жасырын тыңшылық; екі шағымданушының бірін үшінші тараптан қолдау және т.б.

Осы заңдардың орындалуы нәтижесінде хан әскерлеріндегі қызмет белгіленген тәртіппен бағынушылықты қатаң түрде жүзеге асыруға негізделген. Әскерилерді тәрбиелеудегі қатаң тәртіптің әсерінен сарбаздардың арасында дау-жанжал туындамады, бір-бірлерін ұрып-соғу, өлтіру жағдайы кездеспеді, тіпті, олардың арасында ұрлық та болмады.

Көшпенді жауынгерлер үшін ерекше құндылық белгілі бір рудың құрамында болуы еді. Әрбір жасақтың өз тайпалық белгісі бар еді, ал бірнеше тайпалық одақтардың сарбаздарынан тұратын ірірек қосындардың жауынгерлік тулары, жалаулары болды, ол бейбіт уақытта мұқият қорғалған және жауынгерлік іс-қимылдар кезінде ғана шығарылған. Майдан алаңында әскери туды жоғалту көшпенділердің арасында ең үлкен әскери маскара іс және қылмыс ретінде қарастырылды. Түркі-моңғол діни нанымдары мен дәстүрлеріне сәйкес, әскерлердің қамқоршылары, рухы – туда, байрақта өмір сүрді. Мысалы, атақты қазақ ақыны Сүйінбай Аронұлының «Бөрілі менің байрағым» өлеңіндегі мына өлең шумақтары осы сөзімізді нақтылай түседі: «Бөрілі байрақ астында – Бөгеліп көрген жан емен! Бөрідей жортып кеткенде, Бөлініп қалған жан емен! Бөрілі найза ұстаса, Түйремей кеткен жан емен! Бөрілі байрақ құласа, Күйремей кеткен жан емен!».

Әскери иерархиядағы ерекше рөл әскери бөлімдерді тікелей басқарған батырларға тиесі-

лі болды. Батырлық атағы жауынгерлік шеберлігіне және сарбаздарды шебер ұйымдастыра, басқара білуіне қарай берілді. «Батыр» деген атақ батырлардың есіміне еншіленді: Қарасай батыр (1598-1671), Бөгенбай батыр (1690-1775), Қабанбай батыр (1691-1769), Ағыбай батыр (1802-1885), Райымбек батыр (1705-1785) және тағы басқалар. Батырлардың ерліктерін сахараның әнші-импровизаторлары, ақындары ән-жырлары арқылы асқақтатып, көкке өрлетті. Зерттеуші А.К. Көшкімбаев көшпелі қазақ қоғамындағы батырлық әскери құрылымдағы ерекше әскери-саяси институт түрі жетекші орында болды деп есептейді.

Көшпенділер сарбаздарында өз аттарынан жерге құлаған жауын өлтірмей, дұшпанының қолына қару-жарақ беріп, шайқасты жалғастыруына мүмкіндік беретін өздерінің ар-намыс кодексі болды. Ар-намыс кодексін қалыптастыруға сахара көшпелі қоғамының өміріндегі батырдың орны мен рөлі туралы пікірлер әсер етті.

Дала жауынгерінің жауынгерлік даярлық жүйесінде психофизикалық оқытуға басты көңіл бөлінді. «Әскери істерді кәсібилендіру жауынгерден арнайы психофизикалық дайындықты талап етті. Сарбаздарды арнайы сынақтарда қиын жағдайларда өзін-өзі бақылауға, төзімділікке үйретті, олардың бойына жеңіске деген ерік-жігерді, елі үшін өлімге баруды, жан пида болуды сіңірді. Әскери мамандыққа арналған психологиялық дайындық өлім қорқынышын жеңуге көмектесті және жауынгердің барынша нәтижелі әрекет етуге мүмкіндік берді (Алданиязов, 1996: 90).

Қазақ эпосында сақталған деректерге қарағанда, жауынгерлік даярлық жүйесінде жауынгер-ұстаз, әскери ұстаз, әскери тәлімгер, әскери іс-қимыл шебері болған, олар қызметтеріне сай әскери өнердің қарапайым әдіс-тәсілдерін үйрету үшін тікелей жаттығулар жүргізген. Оның міндеті әскери білім мен дағдыларды үйрету ғана емес, сонымен қатар әскери әдет-жоралғыларды, сарбаз өмірінің мәні мен қызметінің мақсаты неде екенін түсіндіру болды.

Біз осындай ақылшы ұстаз, тәлімгердің мысалын қазақтың батырлық эпосы «Қобыланды-Батыр» эпосынан кездестіреміз, халықтың өкілі, батырдың тәрбиешісі әрі ұстазы Естеміс ұзақ жылдар бойы Қобыландыны соғыс өнеріне үйретіп, оған ақыл-кеңес беріп, оны батырлыққа тәрбиелейді, содан кейін Қобыландының ұлын да осы ерлік рухында тәрбиелеген.

Қарулы қақтығыстарды жүргізу кезінде соғыс олжасын тарату ынталандыру әдісі ретінде

пайдаланылды. Тарихи дереккөздер мен қазақ әдет-ғұрыптары туралы материалдарға сүйенсек, әскери олжаны бөлуде бірінші кезекте үлкендік жолы тәртібі қатаң сақталған (Гродеков Н, 1889).

### Нәтижелер мен талқылау

Қазақ хандығы кезеңіндегі қазақ әскерлерінің жауынгерлік өнері, соның ішінде әскери жасақты даярлау, әскери бөлімдерді біріктіру, әскери тәртіп, әскери шеберлік, сарбаздардың әскери дағдылары, сарбаздың бойында ерік-жігер, ерлік, батылдық, әскери дағдылар тәрбиесін қалыптастыру әдістері мен тәсілдері келесі ұрпақтың әскери-педагогикалық жұмыстарының негізін құрады.

Моральдық-психологиялық фактор әскери жеңістің маңызды шарты болып табылды. 1710 жылы жоңғарлардың қанқұйлы шапқыншылығы кезінде, қазақ халқының ұлы қырғынында, бүкілқазақтық құрылтайда атақты батыр Бөгенбай қазақтардың елдік рухын оятып, өліспей беріспеуге шақырды. Ол былай деп ұрандады: «Жауымыздан есемізді қайтарамыз, тоналған жайлауымызды, тұтқындалған балаларымызды көріп қарап отыра алмаймыз, өлсек қолымызға қару алып өлеміз. Қыпшақ даласының батырлары қай кезеңде бастарын төмен түсірген?» (Моисеев, 1991: 66). Отанымыздың тәуелсіздігі басты құндылық болып саналды.

Абылай хан басқарған кездегі әскери қосын жүйелі сипатқа ие болды. Осы кезеңде қазақ мемлекеттілігін нығайту үшін көрнекті қайраткерлер мен атақты батырлар: Жәнібек тархан, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр айтарлықтай үлес қосты. Ш. Уәлихановтың жазбаларында Құлсары, Құреке, Қошахмет, Өтеген, Саурық, Есет, Тілеуке, Наурызбай, Құлашбек және басқа да батырлардың есімдері аталады. Соғыс тарихында Абылайдың өзінің туған балалары да ерекше рөл атқарды: Уәли, Рүстем, Шыңғыс, Әділ, Қасым, Сүйік.

Ең қиын және қауіпті жорықтарға Абылай хан өзінің әскерін өзі бастап шықты әрі оларды шайқас кезінде өзі басқарды. Ол жекпе-жек соғыстарда жауына қарсы өз атын өзі ұрандап «Абылайлап!» шапты және өз әскері үшін ерлік пен батырлықтың үлгісі болды (Валиханов, 1983: 221). Біз өз кезегімізде Абылай ханның ұстаздық шеберлігі жөнінде қорытынды шығара аламыз. Себебі қан майданда шешуші кезеңде ел қорғау мен батырлық көрсетудің тамаша үл-

гісі болып, қолбасшылық жасап, өз басын өлім мен қатерге тіге отырып, әскерді рухтандырып жеңіске жету тек дара тұлғалардың ғана қолынан келеді.

Сонымен, әскери өнерді дамыту аясындағы (XVIII ғасырдың аяғына дейін) әскери-педагогикалық идеяларды қалыптастыру мен дамытудың бірінші кезеңінде сарбаздарды оқытудың келесі әдістері мен тәсілдерін анықтауға болады:

– білімі мен дағдыларын тәжірибеге сүйене отырып беру;

– бала кезден бастап күнделікті жаттығулар мен іс-қимылдарға машықтану;

– оқыту мақсатында суық мезгілде аң аулау науқанын ұйымдастыру (Кушқумбаев А., 2001);

– әскерлерді тиімді басқаруға және сарбаздарды өздерінің жасақтары мен шыққан тайпаларына адалдық рухында тәрбиелеуге ықпал ететін арнайы белгілерді пайдалану;

– шайқас алдындағы психологиялық көңіл-күй, әскери ұран арқылы ерік-жігерді шоғырландыруға қол жеткізілді;

– жаулап алуда және әскери олжаны бөліп беру арқылы әскери қызметшілерді ынталандыру және т.б.;

– қолбасшылардың өздерінің жорыққа бастап шығуы, яғни үлгі бола отырып тәрбиелеуі, олардың қатарында Қасым хан, Қарасай батыр, Бөгенбай батыр, Абылай хан және т.б. бар.

### Қорытынды

XVIII ғасырдың соңына дейінгі әскери-педагогикалық идеялардың қалыптасуын талдау әскери өнерді дамыту контекстінде жүзеге асырылады, көшпенділердің әскери ісінде оқыту мен тәрбиелеудің жай-күйі талданады. Бұл мәселелер әскери құрылымдар мен әскери ұйымдардың қалыптасуында маңызды рөл атқарғандықтан, авторлар әскери білім беру жүйесіндегі педагогикалық идеяларды дамытудың тарихи жолының белгілі бір тенденциялары мен заңдылық сипатын анықтай алған.

Орта ғасырлардағы дереккөздер бойынша, түріктердің басты құндылықтары – бостандық, билеуші мен шыққан тегіне деген адалдық, екіжүзділіктің болмауы, мақтанға бас ұрмау, батылдық, мақтаныш пен әскери іске деген сүйіспеншілік. Бұл тұрақты құндылықтар заманауи қазақстандық армияны қалыптастыру үшін негіз болған және қазір де біз үшін өзектілігін жоғалтпағанына күмән жоқ.

### Әдебиеттер

- 1 Алданиязов Т.К. Военное дело кочевников Казахстана. – Алматы, 1996.
- 2 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т.1. – М., 1950.
- 3 Валиханов Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. – Алма-ата, 1983. Т.1.
- 4 Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. – Т.1. – Ташкент, 1889.
- 5 Гусейнов Р.А. Сельджукская военная организация // Палестинский сборник. – М., 1967. – №17 (80).
- 6 Дандамаев М.А. Политическая история Ахеменидовой державы. – М., 1985.
- 7 Жиркова З. С., Влияние педагогического потенциала этнокультурных традиций кочевых народов на формирование личности учащихся. Краснодар: Историческая и социально-образовательная мысль. 2015. Том 7. №6. Часть 2.
- 8 Кушкumbaев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: Дайк-пресс, 2001.
- 9 Маланов И.А. Образовательное пространство бурят-монгольской кочевой цивилизации // Ценности и смыслы, 2015.
- 10 Мандельштам А.М. Характеристика тюрок. – Алма-Ата, 1985. – С. 227-250.
- 11 Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи. XVII-XVIII вв. Алматы, 1991.

### References

- 1 Aldaniyazov, T.K. (1996). *Voyennoye delo kochevnikov Kazakhstana* [Warfare of the nomads of Kazakhstan]. Almaty. (In Russian)
- 2 Bichurin, N.Ya. (1950). *Sobraniye svedeniy o narodakh, obitavshikh v Sredney Azii v drevniye vremena* [Collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times]. V.1. Moscow. (In Russian)
- 3 Valikhanov, Ch. (1983). *Sobraniye sochineniy v 5-ti tomakh* [Collected Works in 5 volumes]. Alma-Ata. V.1. (In Russian)
- 4 Grodekov, N.I. (1889). *Kirgizy i kara-kirgizy Syr-Dar'inskoy oblasti* [Kyrgyz and Kara-Kirghiz Syr-Darya region]. V.1. Tashkent. (In Russian)
- 5 Guseinov, R.A. (1967). *Sel'dzhukskaya voyennaya organizatsiya* [Seljuk military organization]. *Palestinский sbornik* [Palestinian collection]. Moscow, 17 (80). (In Russian)
- 6 Dandamaev, M.A. (1989). *Politicheskaya istoriya Akhemenidovoy derzhavy* [The political history of the Achaemenid state]. Moscow. (In Russian)
- 7 Zhirkova, Z.S. (2015). *Vliyaniye pedagogicheskogo potentsiala etnokulturnykh traditsiy kochevykh narodov na formirovaniye lichnosti uchashchikhsya* [Influence of the pedagogical potential of the ethnocultural traditions of nomadic peoples on the formation of the personality of students]. *Krasnodar: Istoricheskaya i sotsial'no-obrazovatel'naya mysl* [Historical and socio-educational thought]. V. 7. 6. Part 2.
- 8 Kushkumbaev, A.K. (2001). *Voyennoye delo kazakhov v XVII-XVIII vekakh* [Military affairs of the Kazakhs in the XVII-XVIII centuries]. Almaty: Dyke Press.
- 9 Malanov, I.A. (2015). *Obrazovatel'noye prostranstvo buryat-mongol'skoy kochevoy tsivilizatsii* [Educational space of the Buryat-Mongolian nomadic civilization]. *Tsennosti i smysly* [Values and meanings].
- 10 Mandelstam, A.M. (1985). *Kharakteristika tyurok* [Characteristics of the Turks]. Alma-Ata, 227-250.
- 11 Moiseev, V.A. (1991). *Dzhungarskoye khanstvo i kazakhi. XVII-XVIII vv.* [Dzungarian Khanate and the Kazakhs. XVII-XVIII centuries]. Almaty.